Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық фтизиопулмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Ақтау қаласы

2026 жылғы 01 қыркүйек

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізуге негіздеме:

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үгілік қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығы;

Маңғыстау облысы әкімінің «Маңғыстау облысы әкімі аппараттарының, облыстық басқармалардың, қала, аудан әкімдері аппараттарының және оларға бағынысты квазимемлекеттік сектор субъектерінің қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаужүргізу кестесін бекіту туралы» 2025 жылғы 28 наурыздағы № 42 өкімі;

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық фтизиопулмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны 2025 жылғы 27 маусымдағы № 244-н/қ бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Жұмыс тобының (комиссияның) дербес құрамы: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық фтизиопулмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны 2025 жылғы 27 маусымдағы № 244-н/қ бұйрығымен айқындалған және кәсіпорынның мынадай қызметкерлерін қамтиды:

Кереева Гулайна Кайыржановна	Ішкі аудит және медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі директордың орынбасары, жұмыс тобының төрағасы
Қонаев Ержан Нурсултанұлы	Заңгер, жұмыс тобының хатшысы
Дюзимова Зульфия Жетписбаевна	Персоналды басқару қызмет маманы
Базарбаева Мөлдір Талғатқызы	Эпидемиолог маманы

Бекболатова Сония Байадиловна	Бас миірбике
Кадралиев Ибрагим Мендгалиевич	Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау бөлімінің жетекшісі

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:
2026 жылдың 1-30 тамыз аралығы
Ішкі талдау қамтылған кезең:
01.01.2025 – 31.12.2025 жылдар аралығы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Кәсіпорынның ұйымдастыр-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жөніндегі жұмыс тобы Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілерде зерделеді.

1. Кәсіпорын қызметіне қатысты ішкі нормативтік құқықтық құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулықты сақтау жүйесі туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 01 наурыздағы № 413 –IV ҚР Заңын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңын, «Ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралыә ҚР Үкіметінің қаулысын, ҚР ДСМ бұйрықтарымен және басқа да актілермен бекітілген «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу», «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету» қағидаларын басшылыққа алады.

Кәсіпорынның қызметінде пайдаланылатын құқықтық актілер, мемлекеттк органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сот актілері зерделенді.

Қаралған ішкі нормативтік құжаттар тізімі:

1. 2023 жылғы 16 қаңтардағы «Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ЕРЕЖЕ.
2. 2023 жылғы 16 қаңтардағы Медицина қызметкерлерінің ӘДЕП кодексі.

3. 2023 жылғы 16 қаңтардағы «Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясаты.

4. Кәсіпорын Жарғысы (Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №122 қаулысы)

5. Келісім комиссиясы туралы Кәсіпорынның 2024 жылғы 10 шілдедегі бұйрығы.

Жоғарыдағы көрсетілген құқықтық актілерді қолдану кезінде Кәсіпорын функциясын іске асыру бойынша жұмыс барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Кәсіпорынның ұйымдастыру – басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның ұйымдастыру – басқарушылық қызметінде зерттелетін кезеңде келесі қызмет бағыттары қарастырылған. 1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы. Кадрларды іріктеу тәртібі регламенттелген және аурухана персоналын іздеу және іріктеу қағидаларымен (бұдан әрі – қағидалар) жүзеге асырылады.

Бос лауазымдарды жасақтау Қазақстан Республикасы Заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Бос лауазымдар туралы хабарландырулар еңбек ақпараттық порталында тұрақты орналастырады. Жаңадан қабылданған қызметкерлерден сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін соттылығының болуы/болмауы туралы анықтама е гов қосымшасы арқылы сұратылды.

3. Мүдделер қақтығысын реттеуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша.

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-аналарымен) балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалар, ата-анасы бөлекаға-інілері мен апа-сіңілілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде қосылу фактілері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі негізгі шаралар:

- Құызметкерлердің заңнамада, Кәсіпорын Жарғысында, өзге де ішкі нормативтік құқықтық актілерді, лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген міндеттерді қатаң сақтауы;
- Жауапкершілік, өкілеттілік және есеп беру салаларын нақты ажырататын кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекіту және қолдау іскерлік этика кодексінде мүдделер қақтығысынан босталған ашық, уақытылы және барабар шешімдер қабылдауға жауапты.

2025 жылы этика мен еңбек тәртібін бұзғаны үшін 4 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды, этика мен еңбек тәртібін бұзған қызметкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар мониторингінің нәтижелері бойынша қызметкерлерге қатысты шағымдар анықталған жоқ.

Жыл ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Қызметкерлер тарапынан бұзушылықтарға жол бермеу және пациенттер тарапынан шағымдарды жою мақсатында тұрақты жүйелі түрде жұмыс жүргізілді. Әр қабаттағы және бөлімшелердегі пациенттер мен бөлімше қызметкерлерінің өтініштері үшін жәшік арқылы шағымдар мен ұсыныстар беру үшін азаматтармен байланыс арнасы ұйымдастырылған.

Өтініштер мен шағымдарды алу бойынша жауапты тұлға бұйрық арқылы айқындалып, алу мерзімдері, шағымдар мен өітініштерді қарау мерзімдері, жәшіктердің кілттері комплаенс қызметіне жауапты тұлғаға тапсырылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарына және іскерлік Әдеп Кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға, сондай-ақ Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

4. Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша

Мемлекеттік сатып алуға бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы бәсекелестік тәсілдерімен жүргізіледі. Әдісті таңдау «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылады, ол мемлекеттік сатып алу жсопарында көрсетіледі. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат веб-порталда қолжетімді және ашық. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері сақталады, тауарларды жеткізу, жұмсытарды орындау және қызметтер көрсету үшін көзделген мерзімдер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Әлеуетті жеткізушілер шеңберінің шектеулері қарастырылмаған, ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттары сақталады. Жасалған шарттардың талаптары бұзылған жағдайда сотқа жүгіну бойынша жұмыс жүргізіледі.

Тауарлық – материалдық құндылықтарды қабылдау және беру кезінде сыбайлс жемқорлық тәуекелдерін анықтауға талдау жүргізілді, рәсім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес комиссия құрамында міндетті түрде тіркеліп және бастапқы бухгалтерлік құжаттаманы жүргізе отырып жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тіуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша шешім қабылданды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Кәсіпорын интернат-сайтына орналастырылсын.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері жария талқылауға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдардың отырыстарына жіберілсін.

3. Пациенттер мен бөлімше қызметкерлерінің өтініштері, кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, шағымдарға уақытылы жауап берілуі және қаралу үшін жәшік арқылы азаматтармен байланыс арнасын қадағалап отыру.

Қорытынды: қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жақсарту бойынша ұсыныстар:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша жұмыстарыды жалғастыруы қажет;
- Кәсіпорын қызметкерлері арасында жұмыс тобының мүшелерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жасалуына жол бермеу және іс-әрекеттері үшін жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру;
- Дәрігерлердің біліктілігін арттыру мақсатында қосымша біліктілігін арттыру курстарына жолдауды қарастыру;
- Мемлекеттік сатып алу бөліміне біліктілікті арттыру бойынша оқудан өткізу;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін Кәсіпорынның интернет сайтында орналастырылсын.

Жұмыс тобының төрағасы _____ Г. Кереева

Персоналды басқару қызмет маманы _____ З. Дюзимова

Бас миірбике _____ С. Бекболатова

Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау бөлімінің жетекшісі _____ И.Кадралиев

Комплаенс офицер _____ Е. Қонаев